

«Атырау облысы білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «№20 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ 5-8,10-сынып оқушыларымен өткізілген жиналыстың

Хаттама №1

04.09.2023 ж.

Қатысқан мұғалімдер саны :10

Қатысқан оқушылар саны:127

Күн тәртібіндегі мәселе :

1.2023-2024 оқу жылында «Қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәнінен 5-8,10-сынып білім алушыларының аралық аттестаттау бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымды жұмыс барысында басшылыққа алу,емтиханды өткізуге дайындық жұмыстары мен жүргізілетін мектепшілік іс-шаралар жоспары туралы оқушыларға түсінік беру.

Тыңдалды :

Бейсова М.И.-мектеп директоры:

2023-2024 оқу жылынан бастап қазақ тілінде оқытатын мектептерде – "Қазақ тілі" пәні бойынша, қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша емтихан өтеді. "Ол – білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында өткізілетін рәсім" Емтихан уақытын мектептердің өзі белгілейді. Ол жазбаша және ауызша өтіп, оқушының қазақ тілінде тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу біліктілігін тексеруге мүмкіндік береді. Емтихан тапсырмаларын әзірлеуде педагогтар сәйкес сыныптың оқу бағдарламасын негізге алады. Аталған пәндер бойынша жылдық бағасы оқушының жыл бойғы оқу үлгерімі мен емтихан нәтижесіне (30 да 70 пайыз) қарай қойылатындығын түсіндірді.

Қаралған мәселе бойынша сөйлеу:

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: Демесінова А.М.

Орта білім беру жүйесі бойынша 2023-2024 оқу жылынан бастап негізгі орта, жалпы орта білім деңгейінде академиялық жылды аяқтаған кезде қазақ тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілі пәні бойынша және өзге тілдерде оқытатын мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша емтихан тапсырады.Осы оқу жылында бекітілген жоспар бойынша дайындық жұмысын жүргізуіміз керек. Емтихан жазбаша және ауызша өтеді,

оқушының қазақ тілінде тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу біліктілігін тексеру мақсатында көзделген.

Ұсыныс :

1. 2023-2024 оқу жылында «Қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәнінен 5-8,10-сынып білім алушыларының аралық аттестаттау бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымды жұмыс барысында басшылыққа алу.

2. 2023-2024 оқу жылында «Қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәнінен 5-8,10-сынып білім алушыларының аралық аттестаттау мақсатында жүргізілетін мектепішілік іс-шаралар жоспары бойынша іс-шараларды жүйелі ұйымдастыру.

Жиналыс төрағасы: *Алиса*

Хатшы :

А.М.Демесінова

Искакова А.Б.

А.М.Демесінова

